

Тәрбие жұмысының мақсаты. Қазақстанның азаматы және патриоты ретінде тұлғаны рухани-адамгершілік қалыптастыруға баса назар аудара отырып, тәрбиелік құрамдауышты және оқу процесін толық күшейту.

Тәрбиелік міндеттері

– Ұлтжандылықты қалыптастыру; отбасылық құндылықтарды кеңінен насиҳаттау; рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру; құқықтық сананы қалыптастыру және дамыту; жалпы адамзаттық қасиеттер негізінде көпмәдениетті тұлғаны қалыптастыру; салауатты өмір салтын жүргізу дағдыларын қалыптастырудың кешенді, үздіксіз және тұрақты жүйесін құру.

– Мектеп жағдайында оқушылардың танымдық қызығушылықтарын, зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін, бастамашылдығын, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі дамытуға және тұлғааралық қарым-қатынас мәдениетін арттыруға ынтасын дамыту.

– «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеологиясы мен «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы», «Туған жер» ұлттық жобалары негізінде оқушылардың қазақстандық патриотизмі мен мәдени бірегейлігін қалыптастыру.

– Балалардың қоғамдық қозғалыстарын және оқушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту арқылы оқушылардың әлеуметтік бастамасына, шығармашылығына, дербестігіне белсенді қолдау көрсету.

– Салауатты өмір салтын насиҳаттау, қадағалаусыздық пен құқық бұзушылықтардың, әлеуметтік қауіпті құбылыстардың алдын алу, ата-аналар қауымдастырын осы жұмысқа тарту.

– Сынып жетекшілерінің ӘБ жұмысын жандандыру арқылы сынып жетекшілерінің кәсіби біліктілік деңгейін арттыру.

– Қазіргі педагогикалық жаңашылдықтарды ескере отырып, ата-аналарға жаппай білім беру форматында ата-аналарды психологиялық-педагогикалық ағарту жүйесін дамыту.

Педагогикалық ұжым жұмысының негізгі бағыттары, мазмұны мен нысандары мына нормативтік құжаттармен регламенттелді:

- «Білім туралы» КР Заңымен;
- Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметтің үлгілік қағидаларымен;
- Мектептің жарғысымен;
- Білім басқармасы органдарының нормативтік құжаттарымен;
- 2021/2022 оқу жылындағы мектептің оқу жұмыс жоспарымен;
- 2021/2022 оқу жылындағы әдістемелік нұсқау хатпен.

Жаппай оқытуудың орындалуын бақылау

Мақсаты:

- оқушының сабакқа қатысуын бақылауды жүзеге асыру;
- окуға жайлыштауда жағдай жасау.

Мектепте оқушылардың сабакқа қатысуын бақылау және жұмыс жүйесі қалыптасты (бірінші және соңғы сабактардағы күнделікті бақылау, күнделікті және апта сайынғы есептер). Сабакқа жақсы қатысу оку үлгерімін де арттырады. Маңызды себептермен сабакқа қатыспау мәселелері уақтылы шешілді.

Мектепте оқушы жұмысының санитарлық-гигиеналық, педагогикалық, психологиялық жағдайлары СанЕН талаптарына сәйкес жасалған. Жылу, жарық режимі сақталады. Оқушының сабак кестесі мен оку жүктемесі қалыпты. ҚТ бойынша журналдар үнемі тексеріліп тұрады, ескертулер жок. Көпбалалы және аз қамтылған отбасылармен жұмыс жүргізілуде.

Ата-аналармен жұмысты талдау

Мектептегі ата-аналармен жұмыс істеудің негізгі нысандары – ата-аналар жиналыстары (сыныптық және жалпымектепішлік); сынып жетекшілері мен мектеп әкімшілігінің ата-аналарымен жеке әңгімелесулер. Откен оку жылында төрт ата-аналар жиналысы өткізілді: қыркүйекте – үйымдастырушылық, желтоқсанда – бірінші жартыжылдықтың корытындысын шыгару, ақпанда – қорытынды аттестаттаудың ерекшеліктері, мамырда – оку жылының аяқталу нәтижелері (ақпан, сәуір – бітіретін сынып оқушыларының ата-аналарына арналған жалпымектепішлік).

9, 11 сынып оқушыларының ата-аналарының жиналыстары маңызды және қажет, онда мектеп әкімшілігі ата-аналарды балаларының одан әрі білім алуына бағыттайты. Сонымен қатар, ата-аналарды 2022 жылы ҰБТ өткізу рәсімімен таныстыруды, оларға негізгі және жалпы орта білім туралы аттестат алу талаптары түсіндірілді.

Ата-аналар жиналысы сынып жетекшісінің оқушылардың ата-анасымен жақсы жұмыс істегенін көрсетті. Мектепте үлгерімі нашар оқушылар мен бағдарламаны орындаған алмайтын оқушылардың ата-аналарымен үнемі жұмыс жүргізіледі. Бұл жұмыс сынып жетекшілерімен және мектеп әкімшілігімен әңгімелесу түрінде де жүзеге асырылады.

2022-2023 оку жылындағы міндеттер

Мектептің педагогикалық ұжымының нақты мүмкіндіктерін ескере отырып, мәселелерді педагогикалық талдау негізінде мектептің педагогикалық ұжымы жаңа оку жылына арналған міндеттерді анықтады:


- инновациялық технологияларды әзірлеу мен игеруді қамтамасыз ету, Мектептің даму бағдарламасын іске асыру үшін қажетті жағдай жасауды жалғастыру (үйымдастырушылық, кадрлық, материалдық-техникалық, нормативтік құқықтық);

- әрбір оқушыны табысты оқытуға қолайлы жағдай жасау жөніндегі жұмысты жетілдіру;
- барлық пән бойынша білім деңгейін және 100 % үлгерімін сақтау;
- білім сапасын арттыру бойынша жұмысты жалғастыру;
- мектептегі сапалы білімнің мазмұны бойынша жұмысты жалғастыру;
- мұғалімдердің кәсіби шеберлік деңгейін жетілдіру;
- сабактарда жаңа білімді менгеру бойынша жұмыста құзыреттілік және жүйелік-әрекеттік тәсілдерді жүзеге асыру;
- оқыту технологияларын белсенді енгізу және сабак және сабактан тыс уақытта әртүрлі жобалық және зерттеу қызметін ұйымдастыру арқылы ынталы балалармен жұмыс жүйесін жетілдіру.

Қыркүйек


1 қыркүйек –білім күні 1 сыныптарға арналған «Кел, балалар, оқылық» тақырыбында ашық аланда салтанатты жиын ұйымдастырылып өткізді. Салтанатты жиын Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы алғашқы оқу жылының тақырыптарына сай келіп отыр.

Жаңа 2021-2022 оку жылының табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндерге сәтті қадам тілей отырып, алғашқы әліппелерін табыстадық. Білім күніне арналған «Кел, балалар, оқылық!» атты салтанатты жиынныңыз сынып сағаттармен жалғасты.




Казан


1 қазан күні «Жас Ұлан» біріңгай балалар мен жасөспірімдер ұйымы өзін –өзі басқару күнін ұйымдастырып, өткізді. Мектептегі өзін-өзі басқару күні 1-11 сынып оқушыларына жоғарғы сыныптардың оқушылары бекітілген сабак кестесі бойынша сабактар берді. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы тақырыбынада сынып сағаттарын өткізді.



Төртінші мәселе бойынша –мектептің медбикесі Қылышбаева Бибінүр Сағымбекқызы 12-18 жас аралығындағы мектеп оқушыларын «КОВИД-19» қарсы вакцинациялау туралы ақпарат және түсіндірме жұмыстарын жүргізіп ата-аналарға баяндама оқып, таныстырып хабардар етті.



2021 жылдың 23 қараша күні мектебіміздің бастауыш сыныпта арасында тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерекесіне арналған «Елімнің бақытын тербеткен-Тәуелсіздік» тақырыбында тәрбие бағытында өтетін іс-шараның ашылу салтанаты өткізіліп тақырыпты көрме ұйымдастырылды.




22 қараша күні аудандық мәдениет үйінде Республикалық «Қокиаз - 2021» фестивалі өтті. Қолөнер байқауына мектебіміздің оқушылары белсене қатысып, жүлделі орныдарға ие болды. 4 «А» сыныбының оқушылары Жанболат Қуаныш, Абжанова Жұлдызай, 6 «А» сынып оқушысы Аманбай Гүлдана, 7 «А» сынып оқушысы Сайлаубек Ернүр мадақтамалармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.




25 қараша күні тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай мектептің кітапханашысы Попосемова Светлана Викторовна бастауыш сынып оқушылары үшін кітапханаға саяхат үйымдастырыды.

25 қараша күні тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай мектептің кітапханашысы Попосемова Светлана Викторовна бастауыш сынып оқушылары үшін кітапханаға саяхат үйымдастырыды.



26 қараша күні Қорғалжын аудандық Төтенше жағдайлар мекемесінің өкілдері келіп, мектептің 9-11 сынып оқушыларымен кездесу өткізді. Кездесу барысында Көкшетау қаласындағы төтенше жағдайлар академиясы туралы мағлұматтар берді.




Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай денешынықтыру пәнінің мұғалімдері 7-10 сынып оқушылары арасында волейболдан жарыс үйымдастырып өткізді. Жүлделі I орынды 9 «А» сыныбының командасы жеңіп, марапатқа ие болды.

Желтоқсан

«Тәуелсіз Қазақстан және Елбасы» тақырыбында 01 желтоқсан күні Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай аудандық ғылыми жобалар байқауына қатысып, жүлделі II орынды 9 «А» сынып оқушысы Алибекова Дильназ иеленіп, мадақтамага ие болды.

5-11 сыныптар арасында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жыл толу мерекесі аясында сынып сағаттар өтті.



10 желтоқсан күні Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай «Тәуелсіз – Қазақстан» тақырыбында мектеп жанындағы интернат тәрбиеленушілеріне арнайы тәрбие сағаты ұйымдастырылып өткізілді.



13 желтоқсан күні Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесі аясында «Янтарных слов капель» тақырыбында Респубикалық қашықтықтан өткен байқауға 9 сынып оқушылары Жұмабаева Дильназ, Серикова Раина, Абдуова Жәния, Хаджи-Мурат Мадина катысып, жүлделі орындарға ие болды.

14 желтоқсан күні 9-11 сынып оқушылары кәсіптік бағдар беру жұмыстарын аудандық архив бөлімінде ұйымдастырды.



Наурыз


«Ата - анама мың алғыс » атты ашық хат (открытка) байқауы I қабаттың фойесінде өткізілді.




«Карттарым – асыл қазынам» тақырыбы аясында Қайша әженің ауласын қардан «Жас ұлан» ұйымының балалары және аға тәлімгер барып тазартуға көмектесті. Әжеміз, балаларға деген өз алғысымен ризашылығын білдірді.




«Алғыс - сөздің асылы» құттықтаулар, алғыс сөздер ата – анаға, ұстазға, туган – туыстарға, Туган жерге, Отанға, достарға деген оқушылар өз алғыстарын бейнероликтер арқылы білдірді.




«Армысың –Әз Наурыз» мерекелік іс-шаралар 1-11 сыныптар арасында ұлттық ойындар, тәрбие сағаттар үйымдастырылып өткізілді.



1 сәуір құстар күніне орай мектептің ауласына құстардың үялары жасалып, талдарға ілінді. 6 «Ә» сынып оқушылары «Құстар біздің досымыз» тақырыбында үздік қабырға газеттері ілінді. 7 «Б» сынып оқушылары ең көп үя жасау номинациясына иеленіп, Нұр-Сұлтан қаласындағы тарихи музейлерге жолдама алды.



«Домбыра –асыл мұра» атты аудандық байқаудың бас жүлде иегері 5 «А» сынып оқушысы Сериков Дидар иеленді.




Әр дүйсенбі күндері мектепішілік оқушылар жиыны өтеді. Оқушылар жиынында сабактан кешігіп келген оқушылармен және жалпы оқушылардың тәртібі туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіледі.



«Біз нашакорлыққа қарсымыз» және «Жолда жүру ережелері» тақырыптарында аудандық білім бөлімінің бас маманы А.Ашимова және аудандық ПБ полиция капитаны А.Сайлаумен мектептің 5-11 сынып оқушылары арасында кездесі өтті.



Республикалық «Жас Қыран» үйімі катарына мектебіміздің 3 «А» және 3 «Ә» сыныптарының 31 оқушысы салтанатты түрде қабылданды.




Мектеп маңын және алаңын таза ұстau мақсатында 6-10 сыныптар арасында аптаның әр бейсенбі күндері «Таза бейсенбі» акциясы үйімдастырылды. Әр аптаның бейсенбісіне бөлінген сыныптар оқу жылшының аяғына дейін тазалық жұмыстарын үйімдастырды.



Корғалжын аудандық «Жігер» спартакиадасында мектебіміз жүлделі II орынды иеленді.



25 мамыр «Соңғы қоңырау» салтанатты жиыны өтті. Салтанатты жиынға 1-11 сыныптар қатысты.



Тәрбие ісінің менгерушісі:

А.Уралбекова

«Ақтан Төлеубаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің 2021-2022 оқу жылындағы мектепішілік іс- шаралардың жылдық талдауы.